Абылай хан

Тірек сөздер

саясаткер

Сен

- қазақтың ұлы ханы Абылай туралы білесің;
- өзіңнің шығармашылық жұмысыңды ұсынуды үйренесің.

Тауып көр

Қазақ халқы бастан өткерген қиын-қыстау заманда Әбілмансұр деген жетім бала өмір сүріпті. Ол Төле бидің түйесін бағыпты. Әбілмансұр батыл, әрі ақылды болып өсіпті. Халық оны көбінесе «Сабалақ» деп атаған екен.

- Әңгіме кім туралы деп ойлайсың?
- Неліктен халық оны «Сабалақ» деп атады?

Кел, танысайық!

Әбілмансұр бақташы бала болып өсіп, есейгенде ұлы хан атанды. Ол дарынды, билеуші, шебер **саясаткер**, көрнекті қолбасшы болған.

Абылай хан

Анықта

Неліктен Әбілмансұр «Абылай» атанды?

Әбілмансұр жиырма жасқа келгенде атқа мініп, жаумен шайқасып, атақты батыр болады. Аңыз бойынша бір үлкен шайқаста ол жоңғар батыры Шарышпен жекпе-жекке шыққанда «Абылай, Абылай» деп ұрандап шығады. Хан одан неге «Абылайлап» ұран салдың деп сұрайды. Әбілмансұр «Мен ержүрек Абылайдың немересімін!» деп жауап береді. Осылайша оның ханның ұрпағы екені белгілі болады. Осыдан кейін Әбілмансұр есімі ұмытылып, Абылай атанады.

1771 жылы үш жүздің басшылары Түркістанда Абылайды хан етіп сайлайды. Абылайдың ең басты жетістігі – Үш жүздің басын біріктіруі. Ол Қазақ хандығының күшін біріктіріп, әскери жағынан қуатты мемлекетке айналдырды.

Маңызды жекпе-жек

Абылай мен Шарыш арасындағы жекпе-жек қай кезде болған?
Жекпе-жектен кейін не болды?
Жауабын дереккөздерден ізде.
Осы кезеңді уақыт тізбегінен тауып, белгіле.

Абылайдың Шарышпен жекпе-жегі

Дала әуені

«Шаңды жорық» күйін тыңда. Бұл күйді тыңдағанда көз алдыңа не елестейді? Бұл күйді кім шығарды деп ойлайсың? «Шаңды жорық» дегенді қалай түсінесің?
Суретке қарап, өз ойыңды айт.



Шаңды жорық

Орындап көр

Бір парақ қағазға суреттегі сияқты бірнеше аяқ іздерін сал. Оған Қазақ хандығы кезінде болған басты оқиғаларды жаз. Оқиғаларды уақытына қарай ретімен, бірінен кейін бірін орналастыр. Өз жұмысыңды сыныптастарыңа көрсет.